

**Қазақстан Республикасының Экология және табиғат пайдалану жөніндегі мемлекеттік кеңесі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 4 шілде 1995 ж. N 912. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Мемлекеттік экология саясатын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету және айналадағы ортаны қорғау жөніндегі шараларды орындау, республикадағы табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экология және табиғат пайдалану жөніндегі мемлекеттік кеңесінің құрамы;

Қазақстан Республикасының Экология және табиғат пайдалану жөніндегі мемлекеттік кеңесі туралы Ереже бекітілсін (қоры беріліп отыр).

2. "Қазақстан Республикасының Экология жөніндегі мемлекеттік кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 қазандағы N 1042 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 42 , 501-бап) күшін жойған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің*

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 4 шілдедегі  
N 912 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Экология және табиғат  
пайдалану жөніндегі мемлекеттік кеңесінің  
ҚҰРАМЫ**

Қажыгелдин Ә.М. - Қазақстан Республикасының Премьер-министрі,  
төраға

Есімов А.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің  
орынбасары (төрағаның орынбасары)

Медведев С.А. - Қазақстан Республикасы Экология және  
биоресурстар министрі (төрағаның орынбасары)

- Бәйішев Қ.С. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті  
Аппаратының Агроөнеркәсіп кешені, табиғат  
пайдалану және айналадағы ортаны қорғау  
бөлімінің сектор меңгерушісі (жауапты хатшы)  
Кеңес мүшелері
- Әкімбеков Н.Қ. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің  
орынбасары
- Әлиғожанов С.Қ. - Қазақстан Республикасының Көлік және  
коммуникациялар министрі
- Байтулин И.О. - Ботаника және фито шетел өнімдері  
институтының құрметті директоры,  
өсімдіктердің экологиялық морфологиясының  
лаборатория меңгерушісі
- Бақтыбаев І.Ж. - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының  
орынбасары (келісімі бойынша)
- Баяділов Е.М. - Қазақстан Республикасының Атом энергиясы  
жөніндегі агенттігінің бас директоры
- Бижанов Н.Қ. - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар  
жөніндегі мемлекеттік комиссиясы төрағасының  
орынбасары
- Божко В.К. - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті Бас басқармасының бастығы (келісімі  
бойынша)
- Даукеев С.Ж. - Қазақстан Республикасының Геология және жер  
қойнауын қорғау министрі
- Дерновой А.Г. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрінің орынбасары
- Дұлқайыров М.Т. - Алматы қаласының әкімінің орынбасары
- Ерғожин Е.Е. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым  
академиясының вице-президенті
- Есыров О.В. - Қазақстан Республикасы Білім министрінің  
бірінші орынбасары
- Қалыбаев А.А. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
жанындағы Ұлттық аэрокосмос агенттігінің бас  
директоры
- Қыпшақпаев Н.Қ. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет  
төрағасы

- Косарев В.А. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары
- Красносельский Н.Ф.-Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары
- Құнанбаев С.Қ. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратының Агроөнеркәсіп кешені, табиғат пайдалану және айналадағы ортаны қорғау бөлімінің меңгерушісі
- Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары
- Озолинг Э.И. - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрінің орынбасары
- Темірбеков С.Ж. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
- Үмбетов С.Ә. - Алматы облысы әкімінің орынбасары
- Шәменов А.М. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарманың бастығы
- Шегебаев О.Ш. - Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының вице-президенті
- Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрі
- Штойк Г.Г. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі
- Юрьев А.Ф. - Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрінің орынбасары

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р            К а б и н е т і н і н  
1 9 9 5            ж ы л ғ ы            4            ш і л д е д е г і  
N            9 1 2            қ а у л ы с ы м е н  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Экология және табиғат пайдалану жөніндегі мемлекеттік кеңесі туралы ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Экология және табиғат пайдалану жөніндегі мемлекеттік кеңесі /бұдан әрі - Кеңес/ Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті және ұтымды табиғат пайдалануды қамтамасыз ету мәселелері

бойынша бірінғай мемлекеттік саясат жасау мен оны жүзеге асыру мақсатында қ ұ р ы л а д ы .

2. Кеңес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы тұрақты жұмыс істейтін үйлестіруші орган болып табылады. Кеңесті екі орынбасары, бір төраға басқарады.

3. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

## **2. Кеңестің негізгі міндеттері**

4. Айналадағы ортаны қорғау және табиғат пайдалану жөніндегі (табиғат ресурстарының қайта өсіп-өну және оны өндіруді қоса отырып) бірінғай мемлекеттік саясаты қалыптастырып, жүзеге асырады.

5. Нарық экономикасына көшу кезінде республиканың экологиялық проблемалары шешудегі негізгі басымдықтарды белгілейді.

6. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ жергілікті жерлердегі өкілетті және атқарушы өкімет органдарының айналадағы ортаны қорғау мен табиғат пайдалану мәселелерін шешу бөлігіндегі қызметін үйлестіреді.

7. Айналадағы ортаны қорғау, табиғат қорғау қызметін мемлекеттік басқару әдістері, жер, су, ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, ауа және жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі шешімдерді жүзеге асыруға бақылауды қамтамасыз етеді.

8. Жекелеген аймақтардың экологиялық жағдайын сауықтыру және олардың халқының қалыпты өмір сүруі үшін қажетті шарттарды сақтау жөніндегі практикалық шаралар туралы ұсыныстарды қарайды.

9. Айналадағы ортаны қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану бойынша басым бағыттарды, кешенді (мақсатты) бағдарламаларды және жобаларды қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды қабылдайды.

10. Мемлекетаралық және халықаралық органдармен айналадағы ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы ынтымақтастықты дамыту бойынша ұсыныстар жасайды және шешімдер қабылдайды.

11. Қажет болған жағдайда белді ғалымдарды, жоғары білікті мамандар мен жұртшылықты тарта отырып айналадағы ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану бөлігінде түскен ұсыныстарды практикалық жүзеге асыру бойынша оларды кейіннен нақты шаралар жасай отырып талдап, зерттеу үшін жұмыс топтары мен комиссиялар құрады.

## **3. Кеңес өкілеттігі мен жұмыс регламенті**

12. Кеңестің өз құзырына кіретін мәселелер жөніндегі шешімдері ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, әскери өнеркәсіп кешенін қоса отырып, Қазақстан Республикасының министрліктерінің,

мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволарының, ұйымдары мен кәсіпорындарының орындауы үшін міндетті болып табылады.

13. Кеңес төрағасы Кеңес қызметіне жалпы басшылық жасайды Төрағаның орынбасарлары Кеңес жұмысын жоспарлайды және Кеңес қабылдаған шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды белгілейді.

14. Кеңес шешімі оның қаулысы ретінде хатталады.

15. Кеңес мәжілісінде мәселелері қаралатын министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар оның жауапты хатшысына немесе төрағасының орынбасарына белгіленген мерзімде анықтамалар, баяндамалар мен Кеңес шешімдерінің жобаларын, ал қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Үкімет жарлықтарының, қаулыларының жобаларын да ұсынады.

16. Кеңес мүшелерінің:

Қазақстан Республикасының министрліктерінен, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарынан, кәсіпорындарынан, ұйымдарынан қажетті материалдар мен құжаттарды сұрауға және алуға;

өз талапкерліктері бойынша Кеңес қарауына ұсыныстар, пікірлер мен тиісті шешімдер жобаларын енгізуге;

Кеңес мәжілісінің хаттамасында жазылатын Кеңес мүшелерінің көпшілігі қабылдаған мәселелері бойынша ерекше пікір енгізуге;

Кеңес қызметінің мәселелері бойынша оған шығындарды жатқыза отырып, өздерінің негізгі жұмыс орны бойынша орган қаржысы есебінен іссапарға баруға құқы бар.

17. Кеңес мүшелері:

Кеңес қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеу мен талқылауға белсенді түрде қатысуға;

Кеңес төрағасының, оның орынбасарларының тапсырмаларын, Кеңес мәжілісінің шешімдері мен қаулыларын дер кезінде орындауға;

Кеңес мәжілісіне ауысу құқынсыз қатысуға міндетті.

18. Кеңес жұмысты төраға бекіткен жоспар бойынша ұйымдастырады, қажет болғанда, бірақ тоқсанында бір реттен кем емес, мәжіліс өткізеді.

Кеңестің мәжілісі егер оған бекітілген тізімдік құрамдағы Кеңес мүшелерінің үштен екісі қатысқанда заңды болады. Шешімдер Кеңес мүшелерінің жай көпшілік дауыстарының ашық дауыс беруі арқылы қабылданады.

Кеңес мәжілісіне қажет болған жағдайда министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары мен мамандары, сондай-ақ мүдделі облыстық, аудандық және

қалалық басқару органдарының, қоғамдық құрылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ